

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Тарих факультеті

Дүниежүзі тарих, тарихнама және деректану кафедрасы

Бекітілді

Тарих факультетінің Ғылыми кеңесінде

Хаттама № 2 «28 қыркүйек» 2025 ж.

Факультет деканы Байғұнаков Д.С.



«6B01601-Тарих» білім беру бағдарламасы

«21301 Деректану»

ПӘНІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

2- курс, көктемгі
семестр

5 кредит

Алматы 2026 ж.

Оқу жұмыс жоспары мен «6В01601 Тарих» білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған т.ғ.д., профессор Т.Ә. Төлебаев


Дүниежүзі тарих, тарихнама және деректану кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды

« 27 » 09 2025 ж., хаттама № 1

Кафедра меңгерушісі  Мырзабекова Р.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша академиялық комитеттің төрайымы

« 05 » 09 2025 ж., хаттама № 1

 Бижанова М.Т..

КІРІСПЕ

««6B01601 - Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Қорытынды бақылауға бакалаврдың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттерге ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25-49 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу ережесі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу – бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтарының жалпы саны – 60, әр емтихан тапсырушыға универ жүйесіндегі генерациялау негізінде 3 сұрақ беріледі.
4. Ұзақтығы - 2 сағат.
5. Студенттердің жазбаша жұмыстарын Емтихан Комиссиясы тексереді.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болу керек.

III. Емтихан нәтижелері:

1. Мемлекеттік Емтихан Комиссиясы студенттердің жазбаша жұмыстарын тексерген соң, пән оқытушысы баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылады.

4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.

5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды бақылауды бағалау критерийлері: Емтихан қабылдау барысында студенттердің теориялық білімі ғана емес, мәселе бойынша оның анализ жасау, жүйелеу, талдау, бағалау критерийлері бойынша қабілеттері, яғни теориялық білімін практикада пайдалана білу қабілеттері бағаланады. Билеттің 1-ші сұрағы когнитивті қабілеті бойынша құрастырылғандықтан 30 балмен бағаланады, 2-ші сұрағы функционалды қабілетті анықтайтындықтан 30 балмен, ал 3-ші сұрағы жүйелі қабілетті анықтайтындықтан 40 балмен бағаланады, барлығы – 100 балл.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Деректану» пәні өзіндік ерекшелігі бар біртұтас жүйелі ғылым саласы. Адамның іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болған объект ретінде, тарихи деректің өзі - нақты шындықтың бір құрамдас бөлігі (кез келген дерек материалды). Демек, нақты объективті шындық деректе тек қана бейнеленіп қоймайды, сонымен қатар нақты объективті шындық туралы мәлімет тарихи дерекке енеді. Сондықтан объективтілік дегеніміз нақты шындықтың деректе бейнеленуі мен ол туралы мәліметтің дерекке енуінің диалектикалық бірлігі болып табылады.

Деректану археология, этнология және тарихнама, қосалқы тарихи пәндер сияқты тарих ғылымының іргелі негіздерінің бірін құрайды және оның құрамдас бөлігі болып табылады. Деректану тарих ғылымының негіздерінің бірі.

Деректанулық ұғымдар мен терминдер. Деректанулық терминдерден бастап, барлық деректанулық проблемалар бірімен бірі тығыз байланысты, олар бірінен бірі туындап, бірін бірі толықтырып отырады. Сондықтан оларды тұтас білу арқылы ғана деректануды меңгеруге болады.

Деректану теориясы және оның негізгі проблемалары. Деректану теориясы - ол деректерді ортақ қасиеттерінен шыға отырып зерттейтін білімнің ғылыми жүйесі. Ол деректерде бекітілген ақпараттық мәліметтерді объективті шындық дәрежесінде ала білуге көмектесетін ғылыми ойлау формасы.

Көп жағдайда зерттеуші еңбегінің тиімділігі де, оның ғылыми құндылығының деңгейі де сыныптау проблемасының қаншалықты дұрыс шешілуімен де байланысты. Тақырыпқа қатысты жиналған деректер әдетте өзінің саны, көлемі жағынан аса көп, формасы, мазұны, түрі жағынан әр алуан болып келеді. Деректердің типтік сыныпталуы: ауызша, жазбаша, заттай, аудиовизуалдық. Олардың әрқайсысы бірнеше түрге бөлінеді.

Мұндай сыныптау дерекке тән ерекше белгілерін (пайда болу, мазмұны, формасы) ескереді, дегенмен бұл шартты сыныптау. Өйткені, фольклорлық (ауызша) деректер қазіргі кезде, көп жағдайда жазба түрінде таралған, ал этнографиялық деректер-заттай ескерткіштер немесе кинофотоқұжаттар түрінде беріледі.

Деректанудың пайда болып, қалыптасуының объективті алғышарттары мен ортақ заңдылықтары. Деректер туралы ғылымның қазіргі дамуы, оның басқа ғылымдар арасында алатын орыны деректану теориясының дамуының актуальдылығын арттыра түседі. Деректану теориясы мынандай негізгі проблемаларды қарастырады: деректерде әлеуметтік шындықтың бейнелеу заңдылықтарын, тарихи деректерді сыныптау, деректерді зерттеудің негізгі кезеңдерінің реттілігін сақтау мен олардың мазмұнын зерттеу, олардан қоғамдық құбылыстар мен процестер туралы шынайы ақпараттық мәліметтер алу мақсатында деректерді зерттеудің негізгі кезеңдерінің реттелігі мен мазмұны ол мәліметтерді тарихшының қабылдау заңдылығы т.б.

Деректанудың ғылым саласы ретінде қалыптасуының негізгі кезеңдері. Ш. Уәлиханов - қазақтың тұңғыш деректанушы ғалымы. Ә. Бөкейханның деректану саласындағы еңбектері. А. Байтұрсынұлы тарих және тарихи деректер туралы. Е. Бекмахановтың деректанушылық көзқарастары мен тәсілдері.

Деректанудың ұлттық мектебінің қалыптасуы және Қ.М. Атабаев еңбектері.

Методика нақты зерттеу тәсілі деген ұғымды білдіреді. Ал, тарихи деректану методикасы дегеніміз тарихи деректермен жұмыс істеудің нақты ережелері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Деректердің пайда болуын “сынау” немесе сыртқы “сын”. Деректі сынаудың бұл кезеңі деректің өмір сүру формасын (форма бытование) айқындаудан, түпнұсқалығын, уақытын, авторын, жасалынған жерін, пайда болуының нақты тарихи жағдайын, деректі жасаудағы мақсаты мен міндеттерін және мәтінді оқудан, оның дәл мазмұнын анықтаудан тұрады.

Деректің шынайылық деңгейін анықтау немесе ішкі “сын”. Оның міндеті деректің мазмұнын зерттеу, оның тарихи шындықпен сәйкестігін анықтау, деректің ғылыми маңызын айқындау болып табылады.

Өкілеттілік проблемасы.

Ауыз әдебиеті –тарихи дерек көзі. Фольклордың дерек көздері ретінде пайда болуын сынау. Жылнаманың тарихи дерек көзі ретіндегі маңызы. Шежіре – тарихи дерек көзі ретінде. Мерзімді басылымдардың дерек көзі ретіндегі ерекшеліктері мен маңызы. Заманхаттық әдебиеттің тарихи дерек көз ретіндегі түрлік ерекшеліктері. Халқымыздың ұлт-азаттық

күресіне қатысты пайда болған мұрағат құжаттарын деректанулық талдаудан өткізудің қажеттігі мен жолдары.

Қазақ тарихының археологиялық деректері. Ежелгі және ортағасырлық дерек көздері. Мерзімді басылымдар – тарихи дерек көзі. Эпистолярлық және статистикалық деректер.

ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі. (1870-1918 жж). Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.
2. Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 302 б.
3. Атабаев Қ. Деректану. – Алматы: “Қазақ тарихы”, 2007. -272 б.
4. Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники Российской истории. Учеб. пособие. /И.Н. Данилеский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева./ – Москва: РАН, 2000. – С. 703.
5. Байпаков К.М. Проблемы археологических исследований позднесредневековых городов Казахстана. Алматы, 1997.
6. Қазақстан тарихының деректері: оқу құралы./Атабаев Қ.М. және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 200 б.

Онлайн түрінде қолжетімді (университет кітапханасы):

7. «Мәдени мұра» - қазақ тарихының дерек көзі: мақалалар жинағы/Ред. Басқарған Қ. Атабаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. -245б.
8. Төлебаев Т.Ә. Қосалқы тарихи пәндер. Оқу құралы. - Алматы, 2017.
9. Кром М.М. Тарихи антропология. - Алматы, 2016.

Қосымша әдебиеттер:

1. Медушевская О.М. Современное зарубежное источниковедение. М.: Высшая школа. -1983. 137 с.
2. Макаров М.К. О принципах классификации письменных источников // Труды МГИАИ, - Т. 16. – Москва, 1961.
3. Пронштейн А.П. Методика исторического исследования. - Ростов-на-Дону, 1976. – С. 315.
4. Медушевская О.М. О проблемах классификации исторических источников // Советские архивы. – 1978. - № 5.
5. Сексенбаева Г.А. Методика работы с архивными источниками. - Алматы: АГУ, 1996. – С. 25.

6. Жеменей И. Парсы және түркі жазба деректеріндегі Қазақ тарихы (Ежелгі және ортағасырлық дәуір). – Алматы: «Сардар», 2019. – 224 б.

7. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. - 352 б.

8. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Бас ред. Р. Нургалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. - 421 б.

9. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы, 1994. – 416 б.

10. Сүлейменов О. Аз и Я. – Алматы: Жазушы, 1992. – 298 б

Интернет-ресурстар:

<http://www.rkcntidad.kz>

<https://adilet.zan.kz>

<https://elib.kaznu.kz>

<https://elibrary.ru>

<https://ieeexplore.ieee.org>

<http://adilet.zan.kz>

http://mks.gov.kz/rus/zakonodatelstvo/prikazy_ministra/архивное_дело_3/?cid=0&page=2

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: Деректану

Форма: жазбаша (оффлайн)

Платформа: Univer АЖ

Критерийлер	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
1-сұрақ	27–30 балл	20–26 балл	14–19 балл	0–13 балл
Деректанудың теориялық негіздері мен тарихи зерттеулердегі орны	Деректанудың негізгі ұғымдарын, және даму кезеңдерін ғылыми негізде түсіндіреді; деректанудың тарих ғылымымен байланысын дәлелдейді.	Негізгі ұғымдарды дұрыс сипаттайды, бірақ кейбір байланыстар толық ашылмаған.	Терминдерді үстірт біледі, теориялық тұжырымдары әлсіз.	Ұғымдарды шатастырады, теориялық түсінігі жоқ.
2-сұрақ	27–30 балл	20–26 балл	14–19 балл	0–13 балл
Деректанулық зерттеу әдістерін талдау	Деректанулық зерттеу әдістерін нақты мысалдармен сипаттайды; деректерді орынды қолданады.	Деректанулық зерттеу әдістерін сипаттайды, бірақ байланыстары мен мысалдар жеткіліксіз.	Деректанулық зерттеу әдістерін біледі, бірақ талдау толық емес.	Деректанулық зерттеу әдістері туралы түсінігі жоқ, мысал келтірмейді.
3-сұрақ	35–40 балл	25–34 балл	15–24 балл	0–14 балл
Тарихи деректерді талдап, шынайылығын анықтайды	Әртүрлі тарихи деректерді салыстыра отырып талдап, шынайылығын анықтайды, зерттеу ғылыми барысында қолданылу мүмкіндігін талдайды; ғылыми қорытынды жасайды.	Тарихи деректерді дұрыс сипаттайды, бірақ қолдану мысалдары шектеулі.	Тарихи деректерді жалпы сипаттайды, бірақ талдау үстірт.	Тақырып бойынша білім мен түсінік көрсетпейді.